

Есмурзина Айгерим Жаксылыковна
Қазақстан Республикасы
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті
«Сатылай кешенді оқыту» – қазақ елінің төл технологиясы

Ғылымда “педагогикалық технология” бағыты ХХ ғасырдың 60-шы жылдары АҚШ пен Англияда қалыптасып, қазіргі уақытта практика жүзінде барлық дүниежүзі елдеріне таралып, білім беру саласында кең өріс алуда. Ал, жалпы “технология” ұғымының қалыптасуы мен даму тарихы өте әріде. Бұл туралы бізге дейінгі зерттеуші ғалымдар кеңінен тоқталып, жан-жақты қарастырған. Соңғы кездерде білім берудің жаңа даму бағытын қамтитын оқытудың елуден астам жаңа технологиялары практикаға енгізіліп, кеңінен пайдалануда.

Кейінгі уақытта біздің елімізде де қазақстандық мектептер үшін оқыту технологияларын ойластырып, ғылым мен практиканы ұштастыра зерттеп жүрген ғалымдарымыз баршылық. Атап айтар болсақ, “Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі” педагогикалық технологиясы (Қараев Ж.А.) [1], (Кобдикова Ж.У.) [2]; жүйелілік негізде оқыту (Ғалиев Т.Т.) [3]; шоғырландырып-қарқынды оқыту (Әбдіғалиев Қ.А. [4]; Нұрахметов Н.Н. т.б.) [5]; Ковжасарова М.Р. т.б. [6]; Аульбекова Г.Д. т.б. [7]; модульдік (Жанпейісова М.М.) [8], Бейсенбаева З. [9], Бұзаубақова К.Ж. [10], С.К.Исламгулова [11] т.б. технологияларды жатқызуға болады.

Кез келген технологияны білім беру үрдісіне енгізуде міндетті орындалуға тиісті бірнеше шарттар бар. Тікелей қазақ тіліне байланысты мынадай шарттар болуы қажет:

а) нысанаға алынып отырған технологияның теориялық және әдістемелік мәселелерін жан-жақты ашып көрсететін ғылыми-әдістемелік еңбек;

ә) технологияны сабақ және сабақтан тыс уақытта жүзеге асыруға толық мүмкіндік жасайтын бүгінгі күн талабына сай компьютер, аудио-визуалдық құралдармен жабдықталған лабораториялар;

б) сол технологияға бейімделіп жазылған оқу кешендері: бағдарлама, оқулық, оқу құралдары, әдістемелік және көрнекілік құралдар;

в) ең басты шарттың бірі – осы технологиямен толық қаруланған мұғалім.

Шынайы оқу үрдісіндегі оқыту технологиясы дегеніміз – оқу бағдарламаларында қарастырылған оқыту мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жүйесін жүзеге асыру тәсілі. Бұл технологиялық үрдіс – білімсіздік пен білімділікке, шорқақтықтан іскерлікке апаратын тура жол. Оқыту технологиясындағы оқыту және оқу қызметтері, оқыту әдістері мен тәсілдері оқытудың формасы мен техникалық құралдары арқылы байланысып жатады және бірігіп тоғысып кетеді.

Оқыту технологиясы – қолданбалы дидактика. Ол педагогикалық практиканың нақты жағдайларында оқытудың ең маңызды үрдісін іс жүзіне асырады, оқыту мен оқудың нақты қызметін бейнелейді. Оқыту технологиясында оқушының танымдық қызметі басты үрдіске айналады.

Бүгінде адамзаттың дамуы білім деңгейінің жоғарылығымен тікелей байланысты екенін түсіну басты мәселе болып отыр. Бағыт-бағдарын, басымдылықтарын өзгертпеген оқыту жүйелері қоғам дамуының тежеуші,

кедергісі болатындығы белгілі. Оқыту технологияларының құрылымдық элементтері мынадай үлгіде болып келеді: мақсат + мазмұн + әдістер + формалар + құралдар + оқушы + оқытушы + нәтиже.

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психологиялық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. ХХІ ғасырдың маманы – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, кәсіби білікті маман, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген ситуациядан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс.

Сатылай кешенді талдау технологиясы дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді талдау оқушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады. Сатылай кешенді талдау технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту.

Сатылай кешенді талдау технологиясы – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа да танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған оқытудың түрі.

Сатылай кешенді талдауда баланың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып, оның оқуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Сатылай кешенді талдай оқыту технологиясында мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар: ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік, әріптестік сияқты қасиеттер. Бұл технологияның маңызды тағы бір ерекшелігі – оқушыларды жақсы, жаман, орташа деп бөлмей, тек материалды өте жылдам, жылдам, баяу қабылдауына қарай тапсырманы он деңгейге икемдеп, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтады.

Сабақ барысында мұғалім мынадай қағидаларды еске ұстауы қажет:

а) баланың бойындағы құштарлығын, қызығушылығын, ынтасын жойып алмай, оның алға жылжуға деген табиғи талап-тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру;

ә) білімді өз бетінше іздену арқылы алуға қолайлы жағдай жасау;

б) өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру.

Сатылай кешенді талдау – қазақ тілінің технологиясы дейтін себебіміз ол – біріншіден, технологияның теориялық негізі ретінде А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Т.Шонанов т.б. ғалымдардың ғылыми-әдістемелік тұжырым-дарын басшылыққа алады; екіншіден, Ыбырай, Абай, Шоқан тағы басқалардың ағартушылық ұстанымдарын негіз етеді; үшіншіден, теория мен практиканы ұштастыруда ғалым-әдіскер Ф.Ш.Оразбаеваның тілдік қатынас (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім) теориясына негізделеді; төртіншіден, ұрпақтың тілін дамытуға ұлттық құндылықтарды бағалай білуге, құрметтеуге үйрету үшін ауыз әдебиетінің бай мұрасынан бастап бүгінгі күнгі сөз зергерлерінің әдеби ой-толғамдарын жаттату, мәтін, тіл дамыту, тіл ұстарту жаттығуларына материал етіп пайдаланылады;

Сатылай кешенді талдау технологиясының мақсаты:

1. Тілдік материалдарды оқушының жас ерекшелігін ескере отырып ғылыми негізде меңгерту;

2. Әр сөйлемнің, сөздің, дыбыстың табиғатын таныту арқылы сөзді таңдап-талдап қолдана білуге дағдыландыру;

3. Қазақ тілінің сөз байлығын терең игерту арқылы, әр сөздің ішкі мағынасы мен қолданыстағы ерекшелігін сөз сырына бойлату арқылы оқушының танымдық дүниесін қалыптастыру;

4. Кез келген шаршы топта өз ойын шешен де шебер жеткізе білуге машықтандыру. Сол арқылы әр оқушының өз ана тілінің құдіретін басқаларға таныта, бағалай білуге баулу.

5. Жазба жұмыстарын сауатты, жоғары деңгейде, шығармашылықпен орындай білуге төселдіру.

6. Өз ана тілінің грамматикалық ерекшелігін өзге тілді үйренуде тірек етіп алумен қатар, салыстыруға, ерекшелігін сауатты түрде ажырата білуге үйрету;

7. Қазақ тілі өзге пәндердің негізін түсініп, терең меңгеруге басты құрал екенін саналы түрде түсінуге бағыт-бағдар беру.

8. Түрлі шығармашылық жұмыстар жүргізу арқылы оқушыларды іскерлікке, тапқырлыққа баулу;

9. Талдаудың он деңгейін рет-ретімен жүргізе отырып, сатылай кешенді талдаудың түрлі амал-тәсілдерін меңгерту;

10. Компьютерлік талдау арқылы оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық сауаттылығын жетілдіру.

Түйіндей келгенде, сатылай кешенді талдау технологиясының басты ерекшелігі төмендегідей болып сараланады:

- оқу материалының жүйелілігі, бірізділігі;
- табиғилығы;
- дағдыға басым бағыт беруі;
- білімнің базалық деңгейінің барлық оқушылар үшін міндеттілігі;
- оқушыға өз деңгейін таңдауға ерік беру;
- оқушыларға берілетін білімнің саралануы;
- оқушылардың өз мүмкіндігіне қарай тек міндетті деңгейден кем емес білім алуға еріктілігі;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;

- ұлттық құндылыққа ерекше орын берілуі;
- оқу үрдісінде пәнаралық байланыстың мақсатты енгізілуі.

Ал, оқу оқушының білім алу, іскерлік және дағдылану үрдістері, яғни оқушының өзіндік қызметі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қараев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологий обучения: дисс ... д.п.н. – Алматы, 1994. –345с.
- 2 Кобдикова Ж.У. Оқытудың процесін технологияландыру. –Алматы, Ақжелкен мектебі, 2000. –32б.
- 3 Галиев Т.Т. Интенсификация учебного процесса в современных условиях. // Вестник высшей школы Казахстана. –1995. – № 5. – 72 с.
- 4 Әбдіғалиева Қ.А. Шоғырландырып-қарқынды оқыту жүйесі. // Қазақстан мектебі. –1998. –№ 11-12. – 12-16-б.
- 5 Нурахметов Н.Н., Аульбекова Г.Д. Ковжасарова М.Р. Технологии обучения казахстанских авторов. –Алматы: Мектеп, 2005. –160с.
- 6 Ковжасарова М.Р. и др. Теоретические основы построения и реализации технологий обучения. –Алматы: Мектеп, 2005. –152с.
- 7 Аульбекова Г.Д. и др. Технологизация учебного процесса: казахстанских опыт. –Алматы: Зият-Пресс, 2005. –224с.
- 8 Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы: 2002.–180 б.
- 9 Бейсенбаева З. Жоғары оқу орындарында сөзжасам пәнін оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері. док.дисс.. Алматы, 2004. –322 б.
- 10 Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. –Алматы, 2004. – 207 б.
- 11 Исламгулова С.К. Технологизация процесса обучения в школе: теория и опыт: Практикоориентированная монография и методическое пособие. –Алматы, 2003. –208 с.